

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л. Н. ГУМИЛЕВА



«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ
РАЗВИТИЯ
ТРАНСВЕРСАЛЬНЫХ
НАВЫКОВ БУДУЩИХ
УЧИТЕЛЕЙ»

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ВЕБИНАР В РАМКАХ ПРОЕКТА ГФ
«РАЗРАБОТКА И ВНЕДРЕНИЕ ИННОВАЦИОННОЙ МОДЕЛИ РАЗВИТИЯ
ТРАНСВЕРСАЛЬНЫХ НАВЫКОВ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ
(НА ОСНОВЕ ОПЫТА ФИНЛЯНДИИ, ЭСТОНИИ)»

МАТЕРИАЛЫ РЕСПУБЛИКАНСКОГО ВЕБИНАРА
31 МАРТА 2023 Г.

АСТАНА, 2023

УДК 37.0
ББК 74.00
А43

Отв. ред.: Асылбекова М.П., Отарова Т.Н.

А43 «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ТРАНСВЕРСАЛЬНЫХ НАВЫКОВ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ»: материалы республиканского вебинара. - Астана: ЕНУ, 2023. – 82 стр.

Сборник содержит материалы республиканского вебинара «Актуальные проблемы развития трансверсальных навыков будущих учителей», в рамках проекта ГФ «Разработка и внедрение инновационной модели развития трансверсальных навыков будущих учителей (на основе опыта Финляндии, Эстонии)», научные исследования магистрантов и докторантов по вопросам современной педагогики

ISBN 978-601-337-856-5

УДК 37.0
ББК 74.00

ISBN 978-601-337-856-5

© Автор статей, 2023

СОДЕРЖАНИЕ

Предисловие.....	5
Асылбекова М.П. БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ	6
Сейітказы П.Б., Ырымбаева Н.А. ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР НЕГІЗІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМЫТУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ	13
Ботабаева Адеми Еркебаевна БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ,.....	17
Жиентаева Б.Ж. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ	20
Керімбай А.М. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ STEAM ӘДІСТЕМЕСІНІҢ РӨЛІ.....	24
Шәріп М. Т. БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ КҮЙІН ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕСІ	29
Әділхан Д. Ә. БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЕРТІҢ ДИВЕРГЕНТТІ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ	33
Ахметсапа А.Е. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ	38
Отарова Т.Н. ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	43
Камалиева Г.Р., Тагариева И.Р. СУЩНОСТЬ ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩИХ ОСНОВ ПОДГОТОВКИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ МУЗЫКИ В УНИВЕРСИТЕТЕ	46
Urevskaya T.G., Sembekova U.D. ORGANIZATIONAL AND MANAGERIAL CREATIVITY OF A TEACHER OF FOREIGN LANGUAGES IN THE PROCESS OF INTERACTIVE LEARNING	51
Капицкая А.В. ПОВЫШЕНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО МАСТЕРСТВА ПЕДАГОГОВ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ	55
Туткышбаева Ш.С., Закирова А.Б. ПРЕИМУЩЕСТВО И НЕДОСТАТКИ ИНТЕРНЕТ ВЕЩЕЙ В ОБЛАСТИ ОБРАЗОВАНИИ	59
Байбосынова А.С., Курбанбаев Е.К.	

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ МЕН КЕМШІЛІГІ	62
Байбосынова А.С., Тургунтаева Г.А ВНЕДРЕНИЕ СТРАТЕГИЙ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ	65
Tulebayeva S. K. ICT IN TEACHING A FOREIGN LANGUAGE	68
Тургунтаева Г.А., Айтөх Г.А. ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ	72
Абуталипова А.Д. ЖОҒАРЫ СЫҢЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫСЫН ДАМУЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ	76

Тарихи тұрғыдан алғанда, ғасырлар бойы қоршаған әлемге белсенді қатынастан айырмашылығы, Шығыста өсірілген тағы бір дәстүр (йога, индуизм, дзен-буддизм) бар, ол ішкі әлемге бет бұруды, шындықты пассивті бақылауды талап етеді. Медитация - тыныш концентрацияны дамытудың классикалық әдісі, ол психикалық және физикалық функцияларды қалпына келтіру және үйлестіру, ойдың анықтығын құру, психикалық және эмоционалдық стрессті жеңілдету және т.б.

Мұғалімдердің психикалық күйінде шиеленіс пайда болған кезде «тыныштандыру» түріне сәйкес психорегуляторлық және психобұлшықеттік жаттығулардың әртүрлі нұсқаларын (Л.Д. Гиссен, И. Шульц), сонымен қатар әртүрлі типтер мен әдістерді қолдану тиімдірек болады. Жағымды эмоционалдық күйлердің қайталану түріне сәйкес босансу және тыныс алу жаттығулары, өзін-өзі сендіру және идеомоторлық жаттығулармен өздігінен тапсырыс беру (И.Е. Вольперт, Ю.М. Орлов).

Мұғалімдерге осы құралдардың кезеңдік, толықтыру және бағыну принциптерін сақтай отырып, психо-реттеу әсерлері жүйесін қолдану қажет.

Қолданған әдебиеттер:

1. Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. М., 1990.
2. Маркова А.К. Психология труда учителя. -М., 1993. -194 с.
3. Шадриков В.Д. Новая модель специалиста: инновационная подготовка и компетентностный подход // Высшее образование сегодня. – 2004. №8. – С. 32- 34.
4. Кенжебеков Б.Т. Сущность и структура профессиональной компетентности специалиста // Высшая школа Казахстана. -2002. №2. - С. 81-84.
5. Равен Дж. Компетентность в современном обществе. Выявление, развитие и реализация. -М., 2017. -126 с.
6. Ферхо С.И. Формирование профессиональной компетентности учителей по использованию электронных учебных изданий в процессе обучения: автореф. канд. пед. наук. -Караганда, 2018. -26 с.

ӘОЖ 37.013.42

БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЕРТІҢ ДИВЕРГЕНТТІ ОЙЛАУЫН ДАМУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

*Әділхан Д. Ә. - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс магистранты
Астана қ., Қазақстан*

Қазіргі кезде мамандық атаулының барлығы бейімділікті, ептілікті, шапшаңдықты, ерекше ой қызметін, мол шығармашылық мүмкіндікті қажет етеді. Қазақстанның экономикалық, саяси, әлеуметтік өмірінде болып жатқан серпінді реформалар стандартты емес жағдайларда өз бетінше әр түрлі мәселелерді ортаға салып, шеше алатын белсенді, іскер, креативті ойлайтын мамандардың қажеттілігін арттырады.

Дивергентті ойлау бір мәселенің бірнеше шешімін таңдауға мүмкіндік береді және логикадан біраз ауытқуы мүмкін. Дивергенция қиялмен байланысты және қазіргі алуан түрлі идеяларды қалыптастыру үшін қажет. Мінез-құлықтың рухани мотивтерін басшылыққа алатын адам жеке өсу мен өзін-өзі дамытуға қатысты өзінің шығармашылық бағытына ие болуы мүмкін. Бұл оқу үрдісі барысында дивергентті ойлауды қалыптастыру кезінде маңызды аспект болып табылады[1].

1) Дивергентті ойлауды бүкіл әлемде жалпы қабылданған

«шығармашылық» терминіне қосу. Көбінесе кәсіби зерттеулердегі ғалымдар шығармашылықты дивергентті ойлаумен теңестіреді (Г.С.Альтшуллер, Н.Н.Вересов, И.П.Волков және т. б.) немесе оларды басқаша салыстырады (М.С.Бернштейн, Э.Де Боно, И. Н. Семенов).

2) дивергентті ойлау туралы ақпараттың бірізділігі жоқ, өйткені дивергентті ойлаудың анықтамасы мен оның критерийлері бекітілгенімен теорияның едәуір бөлігі біртұтас болып келеді.

Кейбір теориялық және эксперименттік зерттеулерде дивергентті ойлау: ерекше зияткерлік қызмет (А. В. Брушлинский, И. А. Васильев және т. б.); дарындылықтың ерекше түрі (В.Лей, Н. С.Лейтес, Ч. Д. Чистякова, В. Штерн); ғылым мен өнердегі қызметтің пайда болуы (Р.Арнхейм, М.М.Бахтин). Жалпы

«Дивергентті ойлау» ұғымын қолдануда белгілі бір қиындықтар туындайды, өйткені білімнің бірыңғай тұжырымдамасы жоқ [2]. Психологиялық сөздікте: «шығармашылық – адамның өздік белсенді нәтижелі еңбек ету түрі, нәтижесі жаңалық ашу, жаңа туындыларды жасау, жаңа міндеттерді шешу» деп түсінік береді, ал Л.С.Выготский «жаңалықты ашу», С.Л.Рубинштейн іс әрекетпен байланыстырып «жаңалықты жасау», А.В.Тихомиров мақсатты іс әрекет арқылы «бұрын болмаған жаңалықты жасау, стереотиптерді, шаблондарды жеңу» деген. А.Я.Пономарев «даму» деген ұғым мен байланысын көрсетеді. Оған жаңа білім, іс әрекеттің жаңа тәсілдерін меңгеру кіреді деген. Шығармашылық қабілет индивидтің ойлау

қабілетінен, олардың еңбек әрекетінен, жасаған өнер туындыларынан және материалдық жан дүние әрекетінен көрінеді делінген [3. 421-423 б.].

Шығармашылық тұлғаның жеке ерекшелігі, табиғи дарындылығы мен даналығының көрінісі, шығармашылық қабілеттердің деңгейлері. Ғылыми тұрғыда қарастырып зерттеген шетел ғалымдары: Г.Селье, Дж.Гилфорд, Р.Тафель, Е.П.Торренс т.б.

ТМД елдерінде А.Брушлинский, А.Матюшкин, Я.Пономарев, С.Рубинштейн, Л.Выготский, Д.Богоявленская, Ю.Гильбух, М.Махмутов, В.Загвязинский т.б.

Қазақстанда : М.Мұқанов, Қ.Жарықбаев, Т.Тәжібаев, Т.Сабыров, Ж.Қараев, С. Смаилов, Р. Омарова, А. Әбілқасымова, С. Бегалиева, М. Құдайқұлов, Т. Сабыров, Б.Тұрғынбаева т.б. еңбектерінде адамның жеке басының дамуы мен шығармашылығының әр түрлі аспектілері қарастырылады. Педагогикалық қызмет табиғатынан шығармашылық қызмет екені баршаға белгілі. Мұғалімнің өмірінде қаздесетін түрлі жағдайлардың дұрыс шешімін табудың дайын рецепті жоқ, сондықтан болашақ маман иесі шығармашылықпен жұмыс жасай білуі керек[4].

Біздің ойымызша, шығармашылық – білім беру өмірлік тәжірибесінде белсенді түрде жүзеге асырылатын, болашақ әлеуметтік педагогтардың тәжірибе жасау, сөздік және бейнелі стандарттарды түрлендіру, заттар мен құбылыстар арасында жаңа ассоциативті байланыстарды орнату қабілетін ашатын көп құрамды, күрделі ұйымдастырылған тұтас психикалық білім. Шығармашылық балалармен жұмыс істейтін болашақ әлеуметтік педагогтардың тұлғалық қасиеттерінің құрылымына біріктірілген, оның дәрежесі олардың шығармашылық өзін-өзі көрсету еркіндігінің мүмкіндіктерімен анықталады.

Дж. Гилфорд және оның қызметтестері 1954 жылдан бастап креативтілікті білдіретін 16 түрлі интеллект қабілеттерді анықтаған. Оларға ойлаудың жылдамдығы, бейімделгіштігі, нақтылығы, сезімталдығы, қиялшылдығы кіреді. Гилфорд бұлардың барлығын «дивергентті ойлау» деп атады. Олар мәселе анықталған кезде ғана пайда болады.

Конвергентті ойлау адамға көптеген міндеттерді шешуде бір ғана дұрыс шешімін табуда қажет болады. Дегенмен, нақты шешімі бір ғана емес, бірнеше болуы да мүмкін, бірақ шешім көптігі шектеулі болады. Дж. Гилфорд конвергентті ойлауға қабілетті интеллектімен, яғни, жоғары өлшемді тестермен(IQ) өлшеу мүмкіндіктерін ашып көрсетеді.

Интеллекті зерттеушілер шығармашылық қабілеттер мен интеллектінің байланысын зерттеп, дәлелдеуге тырысқан.

Шығармашылық қабілеттер мен интеллектінің айырмашылығын байқаған Л. Терстоун болды. Шығармашылық шешім мәселені шешу үстінде емес, дәл назар аударғаннан кейін пайда болады деген.

Дж. Гилфорд креативтіліктің төрт, кейін алты параметрін көрсеткен:

- мәселені қою және байқау қабілеттілігі;
- көп идеялар табу қабілеттілігі;
- бейімділік қабілеттілік – әр түрлі идеяларды іске асыру;
- төтендік қабілеттілік – дәстүрден тыс жауап беру;
- нысанды бөлшектер қосып жетілдіру;
- мәселені шеше білу қабілеттілігі, яғни талдау мен жинақтау қабілеттілігі.

Педагогикалық өмірі үнемі өзгерісте болып тұрады, сол өзгерістерге қарай болашақ әлеуметтік педагог өзі де өзгеріп, өзін жетілдіріп тұруы керек. Болашақ әлеуметтік педагогтың шығармашылық дамуы оның жеке даралық кәсіби мәдениетінің қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Педагог болсын, болашақ әлеуметтік педагог болсын үнемі өзін-өзі анықтап, өзін-өзі дамытып, өзінің мүмкіндігін толық көрсете білуі қажет. Сондықтан ол білуі керек:

- өзінің қабілетін, ерекшеліктерін;
- өмірлік, кәсіби мақсатты қоя, таңдай білу;
- түрлі жағдайларды жоспарлай, шешім қабылдай білу;
- мәселені шешудің түрлі әдіс, тәсілдерін табу;
- өзін бағалай білу, рефлексияға қабілеттілігі.

Шығармашылық–мәселені белгілі тәсілдермен шешуге болмайтын жағдайда туындайды. Дегенмен, бұл қисынсыз әрекет емес. Жаңа тапқыр шешім қабылдауға әкелетін әрекет - әр түрлі деңгейде, бірнеше кезеңдерден тұратын күрделі психологиялық үрдіс. Осы мәселені зерттеген ғалымдар педагогикалық шығармашылық төмендегідей кезеңдерден тұратынын анықтаған:

- педагогикалық ойдың пайда болуы;
- түпкі ойды талдау; - педагогикалық ойды әрекетке айналдыру;
- шығармашылықтың нәтижесін талдап бағалау туралы пікір айтқандар: В.А. КанКалик, Н.Д. Никандров.
- жаңалықты көру;
- педагогикалық өнертапқыштықты құрастыру, модельдеу; - жетілдіру(В.И. Загвязинский).

Бұл кезеңдерде қызығушылық, интеллект, қажетті білімді тез арада меңгере білу, байқампаздық, ойлау операцияларын іске қоса алу, тапқырлық,

интузиазм, табандылық, еркіндік пен өзіне деген сенушілік сияқты тірек сапалардың болуы шығармашылық әрекетті нәтижелі етеді.

Қандай типтегі тұлға шығармашылықта мұратына жетеді десек, ойы ұшқыр, ақылы алғыр болуы керек екендігі ғылымда дәлелденген. Ең бастысы, шығармашыл тұлғада шығармашылыққа деген тұрақты қажеттілік, тұрақты сұраныс болып, өз ісінен қанағат табу сезімі болуымен көрінеді. Осыған байланысты «адам идея, жаңалық аштым деп ойлайды, ал шын мәнінде олар адамды ашады»- деген К.Г.Юнгтің сөзі дәлел бола алады. Білімнің гуманистік парадигмасы тұрғысынан қарасақ, тұлғадағы шығармашылық басқа адамдарда жоқ, немесе аз мөлшердегі жекеліктерді дамытады. Таза жаңалықта жаңа «адам» туады, оның қабілеті кескінделеді.

Болашақ әлеуметтік педагогтың шығармашылығының компоненттеріне жатады: оның көзқарасы, құзырлылығы, қиялы, ойдың тереңділігі, икемділігі, рефлексияға қабілеттілігі, тапқырлығы, даралығы, мәдени, әлеуметтік және педагогикалық тәжірибесі.

Бұл компоненттердің ішінде болашақ әлеуметтік педагогтің нәтижелі, табысты еңбек етудің негізі болып табылатын білім, құзырлылық, рефлексияға қабілеттілігі педагогикалық шеберліктің құрылымдық компоненттері деп есептеуге болады. [5.73-83 б.].

Шығармашылық, сонымен қатар интеллект жалпы адамзаттық қасиет, барлық адамдарда белгілі бір шығармашылық деңгейі бар. Көпшілігінде орта деңгейлі шығармашылық бар, бірақ тек кейбір адамдар өте креативті немесе шығармашылыққа жетіспейді. Дивергенттік ойлаудың болуы (жанама немесе шығармашылық) жағдайды әртүрлі тәсілдермен көру мен қабылдауды білдіреді. Бұл ескі үлгілерді қайта құруды білдіреді, **әдеттегіден қашып, ойлаудың жаңа модельдерін құрыңыз.**

Дивергентті ойлау дегеніміз тек жаңа идеяларды тудыру ғана емес, сонымен қатар қарама-қарсы идеялар арасындағы, ескі және жаңа идеялар арасындағы қақтығыстарды жою. Осылай ойлайтын адам «кішкентай қадамдар» арқылы емес, секірістер арқылы жұмыс істейді; олар тек тиісті элементтермен ғана емес, сонымен қатар маңызды емес элементтермен де жұмыс істейді. Соңында, **дивергентті ойлау дегеніміз - ойдың стихиялық элементтерінің жүйелі ойлау жүйесіне әсер етуіне немесе керісінше.**

Бұл қабілеттерді дамыту үшін оқу-тәрбие процесінде студенттерге, яғни болашақ мамандарға еркіндік беріп, топтың пікіріне бағындырмай өз пікірлерін айтуға ұмтылдыруға тырысамыз. Ол үшін дискуссия, мақалаларға пікір, сын айту, сыни тұрғыдан ойлау, конкурстарға, олимпиадаларға қатыстыру, ғылыми жобалар дайындау т. б. түрлерін қолдану маңызды.

Педагог — білім беру іс-әрекетінің субъектісі ретінде оқытудың небір жаңа әдіс-тәсілдерін, формаларын жүзеге асырушы басты тұлға. Сондықтан білім берудегі барлық оңды өзгерістер мұғалімнің жаңаша ойлау тәсілімен, жаңа шығармашылық іс-әрекеттерімен, жаңа педагогикалық гуманистік құндылықтармен тікелей байланысты болады. Қазіргі таңда болашақ мамандарға деген көзқарас пен қарым-қатынаста оларды объект деп қарамай, дамушы тұлға ретінде қабылдап, оқутәрбие жұмысын осыған лайық өзгерістерге сай, қазіргі педагогикадағы тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа технологияны енгізудің қажеттілігі туындап отыр. Ал жаңа технологияны пайдаланудың мақсаты — міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, шығармашылық деңгейге жету [6].

Қорытындылай келе, оқыту үрдісіне деген жаңа көзқарас инновациялық оқытуды пайдалану өзіндік ойы бар, зерделі креативті тұлға дамытуға алып келеді.

Қолданған әдебиеттер:

1. Богоявленская Д. Б., Сусоколова И. А. К вопросу о дивергентном мышлении// Психологическая наука и образование. № 1. 2006. С. 85-96.
2. Юркевич, В. С. Проблема эмоционального интеллекта / В. С. Юркевич // Вестник практической психологии образования. — 2005. — № 3 (4). — Июль– сентябрь. — с. 4–10.
3. Дьяченко М.И., Кандыбович Л.А. Психологический словарь-справочник. Минск: Харвест, 2004.-576с.
4. Якушева С.Д. Основы педагогического мастерства: учебник для студентов сред. Проф. Учеб. Заведений/-2-е изд.,-М. Издательский центр «Академия», 2009 – 256с.
5. Мукутова Ж.К. Педагогикалық шеберлік пәні бойынша дәрістер, практикалық тапсырмалар, оқу әдістемелік құрал. Көкшетау, 2015. 138 бет.
6. Морозов А.В., Чернилевский Д.В. Креативная педагогика и психология. — М.: Академический проект, 2004. — 256 с.

ӘОЖ 378.1

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ

*Ахметсапа А.Е.- 8D01301-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі
мамандығының 2 курс докторанты*